**Ақтау теңіз сауда портын дамыту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 17 қазан N 1544

Ақтау теңіз сауда портын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы  е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Маңғыстау облысының әкімімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен екі ай мерзімде Ақтау порты еркін сауда аймағын құру жөнінде ұсыныстар дайындасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп порттың транзиттік жүктерді ұқсату бойынша қызмет көрсетуін табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызмет көрсетулерінен шығару орындылығын қарастырсын және өз ұсыныстарын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен Маңғышлақ станциясынан Порт станциясына дейін апаратын темір жолдарды "Қазақстан

темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының теңгеріміне беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК